



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 21 қазан

ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары Ғалымжан Пірматов ХВҚ-тың баяндамасын таныстыруға қатысты



Бүгін ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалымжан Пірматов Алматы қаласында Халықаралық валюта қорының «Өңірлік экономиканың даму перспективалары: Кавказ және Орталық Азия» атты кезекті баяндамасын таныстыруға қатысты.

ҚР ҰБ басшысының орынбасары өзінің сөйлеген сөзінде қаржы реттеушісі жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты, Қазақстанның валюта нарығындағы ахуал және өңірлік экономиканың даму перспективалары туралы айтып берді.

Ғ. Пірматов қаржы реттеушісінің күш-жігері негізгі мақсатқа – елде баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталғандығын атап өтті: «Төмен және тұрақты инфляция орнықты экономикалық дамудың кепілі болып табылады. Инфляция бойынша нысаналы көрсеткіштер ретінде ҚР Ұлттық Банкі 2016-2017 жылдарға ортамерзімді перспективада 2020 жылға қарай 4%-ға дейін бұдан әрі төмендете отырып 6-8% дәлізді белгіледі».

Ол валюта нарығындағы ахуалдың тұрақты екендігін атап өтті: «Біздің бағамды қалыптастыруға қатысуымыз барынша төмен және кенеттен болған бағамдық ауытқуларды басуды білдіреді, бұл шектеулі бағам кезінде байқалған баланстар теңгерімсіздігінің жинақталуын болдырмауға және алтын-валюта активтерін сақтауға мүмкіндік береді». Оның айтуынша, Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері өткен айда 2012 жылғы шілдеден бастап ең жоғары мәнді көрсетті және 9 айдағы тауарлар мен қызмет көрсету импортын

жапты.

Ғ. Пірматов сонымен қатар ХВҚ-мен тығыз өзара іс-қимылдың және екі жақты жобаларды іске асырудың маңыздылығын атап өтті. «Ұлттық Банктің және ХВҚ-ның сенімді және тиімді диалогқа негізделген өзара іс-қимылын ерекше атап өткім келеді. Көп жылдар бойы Ұлттық Банк мәселелердің кең аясы бойынша ХВҚ-мен тікелей байланыста тұр, бұл біздің ынтымақтастықты күшейтуге мүмкіндік береді», – деп қорытындылады ол.



Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 2704 697

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz